

Түркия елінде қазақ тілінде таралып жатқан радиохабралары екіжақты ақпараттық кеңістікті толықтырып отыр.

ТРТ интернет парақшасы ТРТ-нің 30 тілде, бес құрлықта 24 сағат жүргізген эфирінің түрлі мәдениет пен өркениетті таныстыру мақсатында қызмет етеді. Мәдени және өркениет құндылықтарын әлемге түсіндіріп, адамзат дамуына үлес қосатын радионың басты ерекшелігі де ақпараттық қызметті әр елдің ана тілдерінде таратуы.

Парақша түрік, ағылшын, неміс, француз, итальян, испан, орыс және арабшамен бірге албан тілі, әзірбайжан түрікше, босния тілі, грекше, болгарша, қытайша, дари тілі, парсы, грузин, хорват, қазақ, қырғыз, венгр, македон, өзбек, пушту, румын, серб, татар, түрікмен, урду және ұйғыр бар 30 тілде бүкіл әлемге сенімді, жылдам мағлұмат пен хабар көзі болады. Trt.net.tr-де Түркиядағы саяси әлеуметтік, экономикалық және мәдени оқиғалармен бірге басқа да елдерге қатысты хабарлар 30 тілде беріледі.

Түркияда Ресейдің «Первый канал», «Культура», «РТР», «НТВ», т.б. телеарналарын көрсетеді. Шет елде орысша телеарналарға Қазақстаннан шығатын жалғыз кабельдік арна - «Caspionet»-ті қосылады [1, 158 б.]. Бірақ орысша және ағылшынша бірдей хабар тарататын БАҚ-тың сыртта бір ғана жақтаушысы - қазақ көрермендері ғана бар екен. ВВС мен CNN телеарналары сияқты ақпарат құралын қызығып көретін шетелдіктер де кемде-кем болып отыр.

Қорыта келгенде, түркі елдері ішіндегі Қазақстан мен Түркия арасындағы мейлінше дамыған екі жақты қарым-қатынастар аса ауқымды және тарихи тамырларға негізделген. Халықтар арасындағы сенім мен өзара түсіншілікті орнықтыруда және халықаралық ахуалды сауықтыруда мәдени байланыстардың маңызды орын алатыны белгілі. Ғылыми және мәдени байланыстар ынтымақтастықтың жалпы принциптері негізінде еркімен, егемендік пен ұлттық мүдделерді құрметтеу жағдайында дамып отыр.

Жылдар өткен сайын шығармашылық қарым-қатынас мәдениетіміздегі өзара жар ету, өзара байыту процестеріне маңызды үлес қосуда, бауырлас халықтар арасында достықты нығайта түсуде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.С. Нысаналина Қазақ - түрік қатынастары // Саясат. - 2000. - №4. - 54-65 бб.
2. М.Мұхамедов Қазақстан әлемдік қауымдастықта. - А., 2000. - 166 б.

Дәуірде бір туатын дара тұлға

Қарсыбаева Ж.А. т.ғ.к., доцент, Диекен Е.Б.

А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

karsybayeva1981@mail.ru

Белгілі қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты көпшілігі кеменгер басшы ретінде біледі. Біле-білген адамға Қонаев атамыз тек саяси басшы ғана емес, ұлттың рухани ұстазы болды. Бұл кісінің ерекшелігі адами қасиеттерінде және баршаға қамқор болғандығы, күнделікті жай тірлікте жан-жүрегімен қуанып, қиянатты да сабырмен жеңіп, қайғы-мұңды да ақыл оймен көтере білетіндігі еді. Қонаев атамыз халқы үшін игілікті мол істер мен жоралғылы ізгі жақсылықтар жасады.

Қонаевтың зеректігі мен бәрін біліп, сезіп тұратын айырықша қасиеті жөнінде кеменгер қасында жүрген дананың серіктері қазірге дейін таңдана айтады. Дінмұхамед атамыз адамның ішіндегісін біліп тұратын, сөзінен не ойлайтынын тез аңғаратын зерек жан болған. Қариялардың сөзін мұқият тыңдап, сол бойынша кеңесіп, мәселе шешетіні көптеген естеліктерде айтылады.

Дінмұхамед Қонаевтың зерделілігі өз алдына – есте сақтау қабілеті аңызға айналған. Қазақстандағы мыңдаған колхоз-совхоздардың, жер-судың және озат шопан, механизаторлардың есімін өмірінде ұмытпаған. Өндіріс, экономикаға байланысты сандар

мен цифрларды кез келген жағдайда жаңылмай айтып отыратыны ғалымдардың өзін қайран қалдырған. Өзі танысқан адамдарының атын ұмытпай, бұрын жолыққын егіншімен бірнеше жылдан кейін қайта кездесіп қалса, атын атап амандаса береді екен. Бұндай қасиет АҚШ-тың 32-ші президенті Франклин Рузвельтте болған [1, 6-7 бб.].

Мемлекет басшылары арасында тұтастай халықтың сүйіспеншілігіне бөленетін басшылар аз, тіпті сирек десек те болады. Ал Қонаевты халық жаппай жақсы көрді. Қонаевтың ұлт алдында атқарған қызметінің бағасын Үнді мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі Джавахарлал Неру жақсы береді. Ол: “Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Дінмұхамед Қонаев” деген.

Жазушы Әлжаппар Әбішев Қонаевты ең жиі сынаған адамдардың бірі. Қонаев басқа пәтерге көшкенде 3 бөлмелі пәтерін басқаға емес, сол Әбішевке қалдырған. Министрлер кабинетінің төрағасы болғаннан кейін академик атағы үшін төленетін 340 сом төлемақыдан бас тартқан. Бұл қаражат балалар мен жас ғалымдарға көмек ретінде аударылып отырған. Сонымен қатар, оттық жинаумен де айналысқан. Коллекциясындағы 476 оттықтың біразын Жапония премьер-министрі Ясухиро Накасонэ, АҚШ Президенті Джон Кеннеди, Египет президенті Гамаль Абдә Насер, Ирак премьері Саддам Хусейин сынды әйгілі саяси тұлғалар сыйға тартқан. Өте қарапайым өмір сүрген. Қонаевтың үйіне алғаш келген И.Брежнев бір бөлме, ас үй және жеке кабинетін көріп «Иәә! Бізде полтбюроның мүшелері де бұдан жақсы тұрады!» деп таңданысын білдірген [2, 5-6 бб.].

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы -аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, 8 Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені, техника ғылымының докторы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі. 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген. Отбасында 11 баланың 4-шісі. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген. Қазақ, орыс тілдерінде жаза, оқи білетін сауатты болған. Анасы, Зәуре Баирқызы (1888 жылы Шелек ауданында (қазіргі Алматы облысы) туған) үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан.

1930 ж. – Алматы қаласындағы № 14 орта мектепті бітіреді. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті оны 1931-1936 жж. Мәскеу қаласындағы М.И. Калинин атындағы түсті металдар және алтын институтының кен факультетіне оқуға жібереді. 1936 ж. – институтты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алып, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенішіне жұмысқа жіберіледі. 1937-1939 жж. – Қоңырат кенішінде бұрғылау цехының бастығы болады. 1939 ж. – «Алтайполиметалл» комбинатының Риддер кеніші басқармасына директор болып тағайындалады. Сол жылы жары Зүһра Шәріпқызымен некелеседі және КОКП мүшелігіне қабылданды. 1939-1942 жж. – Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигі (бұрғылау станогының машинисі, шебері, смена инженері, учаске бастығы, бас инженер, рудник директоры). «Алтайполиметалл» комбинаты – бас инженердің орынбасары және техникалық бөлімнің бастығы. Риддер руднигінің, Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады. 1942-1952 жж. – Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары (кейіннен мемлекеттік аппараттың қайта құрылуына байланысты Қазақ КСР Министрлер Кеңесі) қызметін атқарады. 1947 ж. – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (екінші шақырылған). “Қоңырат руднигі жағдайында бұрғылау-жару жұмысын жүргізудің неғұрлым тиімді әдістерін анықтау” тақырыбында техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды. 1948 ж. – Техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бекітіледі. 1949 ж. – Қазақстан К(б)П ОК мүшелігіне кандидат болып сайланады. Сол жылы Қазақстан КП IV-XXVI съездерінің делегаты болады [3, 46-49 бб.].

1950 ж. – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. 1951 ж. – Қазақстан К(б)П ОК, кейіннен Қазақстан Компартиясы ОК мүшесі. 1952 жылы сәуірде Д.А. Қонаев Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және президенті болып сайланады.

Қонаев 1955-1960 және 1962-1964 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1960-1962 және 1964-1986 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. 100-ден аса ғылыми еңбектермен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген.

Дінмұхамед Қонаев Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімі мен мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді. Ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол жауапты басшылық қызмет атқара жүріп, республикадағы тау-кен ісін дамытуға қомақты үлес қосты.

Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала пайда болды. Кемеңгер тұлғаның тұсында 19 облыс болды. Ол кісі жаңадан 2 облыс құрды: Маңғыстау және Жезқазған. Қонаев елді қабылдап алғанда Одақ бойынша өндіріс пен тұрмыс жағынан 15-орында болған. Қонаев тұсында қазақ Одақ ішінде 4-орынға шықты. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр стансысы, Павлодар трактор зауыты, т.б. кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылды. Маңғыстаудың мұнай кен орындары игерілді, теміржол құрылысы, көлік түрлері дамыды. Республика титан, магний синтетикалық каучук өндіре бастады. Электротехника, машина жасау, химия салалары тез дамыды. Жезқазған, Маңғыстау және Торғай облыстары құрылды. Д.Қонаев Алматы облысының Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматы арнасын салуға ерекше көңіл бөлді. Көрнекті қоғам қайраткері әдебиет пен өнердегі, мәдениет пен ғылымдағы ахуалды әрдайым бақылап отырды. Ол республикаға басшылық жасаған тұста Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді [4, 435-438 бб.].

Қонаев атамыздың билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп, Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. Мұнда Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, Арасан сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені сияқты ірі ғимараттар бой көтерді. Алпысыншы жылдардың басында Н.Хрущевтің өктемдігімен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін қайтарып алуы соның айқын бір дәлелі еді. Ол Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түрікменстанға беру жөніндегі Орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шықты.

Дінмұхамед Қонаевтың «Санат» баспасынан 1994 жылы шыққан «Ақиқаттан аттауға болмайды» естелік кітабы бар. Ол бұл мәселені былай деп еске алған. «...Мен Хрущевке телефон соғып, концертке шақырдым. (Қазақстан өнер шеберлерінің Мәскеудегі қойылымы). Аман-саулық сұрасқан соң Н.Хрущев: Бүгін Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Юсупов келіп кетті. Ол мақта өсіретін аудандарды Өзбекстанға беру туралы мәселе қойып отыр. Меніңше, өте құнды пікір – деді маған көз қиығын бір секем көңілмен тастап, сөзін сабақтады. Төбемнен жай түскендей үнсіз отырып қалдым... Әйтседе ойымдағыны іркіп қала алмадым. Мен Юсупов ұсынып отырған ұсыныстың пайдалылығын өз халқыма дәлелдеп бере алмаймын...» [5, 98 б.].

Қонаевтың өте сыпайы, мәдениетті жеткізген наразылығын Хрущев кешірген жоқ. Ол Қонаевты төменгі қызметке ығыстырып, орнына Юсуповты Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы етіп тағайындады. Егер араға Брежнев түспегенде Хрущев Қонаевты мүлдем билікке жолатпауы да мүмкін еді.

1986 жылы КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болып М.Горбачев сайланғаннан кейін елде басталған қайта құру саясаты КСРО-ның басқа аймақтары сияқты Қазақстанда да қиындықтар мен кедергілер туғызды. Сол жылы желтоқсанның 16-ында өткен Қазақстан Компартиясы ОК-нің пленумы КОКП ОК-нің өкілі Г.Разумовскийдің

ұсынысымен Қонаевтың орнына Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1-ші хатшылығына Г.Колбинді сайлады. Бұл хабардан Алматы жастары КСРО-ның ұлт саясатына қатысты наразылықпен алаңнан бірақ шықты. Көздері ашық, көкірегі ояу жастардың қолында “Әр халықтың өз көсемі болуы керек” деген ұрандар жазылған плакаттар бар еді. Бейбіт шеру ретінде басталған бұл оқиғаның соңы қантөгіске айналды. Өз құқықтарын талап етіп, алаңнан кетпеген жастар: “Қонаев алдымызға шықсын. Бәрін өзі түсіндіріп берсін” деген де талаптар қойды [6, 293-299 бб.].

Алаңға шыққан жастардың алдына келіп, сол кездегі қазақ жазушылары мен ақындары, билікте жүргендер, өнер адамдары басу айтып, үйге қайтуға шақырып, сөз сөйлегенімен Дінмұхамед Қонаев алаңға келмеді, халықтың алдына шықпады. Оған себеп болған оқиға кейін, арада біраз жылдар өткенде барып, Қонаевтың “Өтті дәурен осылай” атты кітабы жарық көргенде ғана анықталды. Онда Дінмұхамед Қонаев Орталық Комитеттің екінші хатшысы О.С.Мирошхин мен Колбин телефон соғып шақыртып алып, екі сағаттай күттіріп қайтарып жібергені туралы айтылған. Мұның соңы КСРО-дағы ұлт саясатына қатысты халық көңілінде қордаланған наразылықтардың сыртқа шығуына әкеліп, Желтоқсан көтерілісіне ұласты.

КОКП ОК-і Қонаевты көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі деп санады. Сөйтіп 1987 жылы маусымның 26-сындағы пленумда оны «Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1-ші хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП ОК-нің мүшелігінен, көп кешікпей Қазақстан Компартиясы ОК-нің мүшелігінен шығарды [7, 66 б.].

Бір кездері өз қолымен өсірген мемлекет қызметкерлерінің көпшілігі Қонаевқа қарсы сөз сөйледі. Жазушылар мен өнер адамдарына да Қонаевқа қарсы сөздер айтқызылды. Сондай жиындардың бірінде жазушы Сафуан Шәймерденов Қонаев туралы: “Ол тым сұрықсыз! Сұрықсыздан үлкен сілкініс күтпеңіздер. Ол ұлтшыл емес. Ол өзінің айналасына таза емес адамдарды жинап алып, солардың мүдделерімен өмір сүрді. Дәлірек айтсақ, Қонаев – нағыз тамыр-таныстықтың жемісі, соның классикалық үлгісі. Ол – ешқашан да жалпыхалықтық мүдде биігіне көтерілмеген адам”, - деп айыптауға дейін барды.

Исмаил Юсупов сұхбаттарының бәрінде: «Менің қазақтарға жасаған қылаудай қиянатым болған жоқ. Оңтүстік Қазақстанның үш ауданын Өзбекстанға берген Қонаев», – деп айтқан. Қонаев кезінде орыстандыру саясаты жүрді, қазақ мектептері жабылды деп көптеген адамдар кінә тақты. Партия комитетінде болу үшін ұлтын татар деп жазғызған деген сөздер болды.

Әкімшіл-әміршіл жүйе заманында Олжас Сүлейменовтың «АЗИЯ» еңбегіндегі айтайын деген ойларына аса мән беріп, түрлі сын-жаладан арашалап қалды. Тіптен тарихымызды жаздырмай тұрған сол қызыл империяның күйіп тұрған саясаты кезінде Илияс Есенберлиннің тарихи романы «Қаһарды» да жарыққа шығаруға қол ұшын берген. Бірді-екілі, жазушының кітабы шықпай қалды деп бәрін жоққа шығарып, күйе жағуға болмас. Қала берді 1984 жылы Алматы қаласынан қазақ мектептерін ашу жөнінде атойлап шыққан ақын Шона Смақанұлына қолдау білдірген.

Ел басымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтып кеткендей "Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың да тарихтың төрінен орын алары дау тудырмайды. Кемшіліксіз адам жоқ. Жұмыр басты пенде болған соң әртүрлі нәрсе болады. Димекен – өз заманының перзенті болған ірі тұлға. Ол кісінің артықшылығын да, кемшілігін де біз сол заманынан бөле-жара қарауға қақымыз жоқ. Қонаев есімі Қазақстан халқымен бірге жасары анық, ақиқат. Ол кісі ұстаз болған ұлы адам" [8, 47 б.].

1993 ж. – 22 тамызда Дінмұхамед Ахметұлы Алакөл ауданының Ақши ауылында жүрегінен екінші рет инфаркт алып дүниеден озады. Алматы қаласында қоғам қайраткері атындағы университет бар. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 12 елді мекендеескерткішбюстер қойылған және Қонаев атына 65 көше аты берілген.

Аты аңызға айналған тұлға өмірден өтсе де, оның еңбектері бүгінде халық игіліне қызмет етіп отыр. Қазақстан тарихында есімі алтын әріптермен жазылған Дінмұхамед

Ахметұлы қазақ елінің дамып, көркеюіне үлкен үлес қосып, халық есінде кемеңгер тұлға ретінде мәңгілікке сақталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Анаш Д. Қонаев қасиеті //Алматы ақшамы.-№7.- 2012. 12 қаңтар.-6-7 б.
2. Козлов К., Бейсекеев Қ. //HISTORY. -2012. 6 желтоқсан. -5-6б.
3. Қазақ энциклопедиясы.- 2-том. – Алматы: Аруна, 1999.- 438 б.
4. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. – Алматы: РГЖИ Дәуір, 1992.-496 б.
5. Қонаев Д.А. Ақиқаттан аттауға болмайды.– Алматы: Санат, 1994.-512 б.
6. Кунаев Д.А. От Сталина до Горбачева.- Алматы, 1994.- С. 346.
7. ӘлібековС. Д.А. Қонаевты қорғау. – Алматы: Айқын, 1993.-699 б.
8. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында.– Алматы: Өнер, 1996.- 256 б.

К вопросу о качестве преподавания дисциплины «Современная история Казахстана» в условиях кредитной технологии

Козина В.В. д.и.н., профессор
КарГУ им. Е.А. Букетова, г. Караганда
Lera2019@rambler.ru

В конце прошлого учебного года МОН РК было принято решение, что с 1 сентября 2016 года в ВУЗах страны будут преподавать «Современную историю Казахстана», вместо "Истории Казахстана". Авторский коллектив Казахского национального университета имени аль-Фараби разработал типовую учебную программу по новой дисциплине «Современная история Казахстана», согласно которой содержание данного курса включает в себя период с начала XX века до сегодняшних дней.

Коллектив кафедры Истории Казахстана и АНК очень быстро включился в работу. Не имея на руках типовой программы, конкретных указаний на предмет содержания курса, оперативно был подготовлен электронный учебник по новой дисциплине, после получения типовой программы – Учебно-методический комплекс (УМК), а позже разработаны тестовые задания по предмету. С началом учебного года каждый преподаватель кафедры обязан был готовиться к занятиям таким образом, чтобы соответствовать основным критериям качества учебного процесса в условиях кредитной технологии. Таким образом, работа сделана большая, накоплен определенный опыт освоения новой дисциплины и внедрения ее в учебный процесс.

Для качественного преподавания предмета «Современная история Казахстана» необходимо учитывать специфику данного предмета, особенности дисциплины, трудности, которые возникают при преподавании, а также определиться с общим для всех нас, преподавателей, принципом изучения современной истории Казахстана и, конечно, с целью и задачами курса Современная история Казахстана. И только потом, при достижении консенсуса в методологических подходах, рассматривать отдельные темы курса.

Итак, начнем с определения. Современная история – это изучение современных событий (то есть сохранившихся в памяти живущих) путем исторических методов, включая традиционные, в виде анализа документов, а также более новые - устная история.

В ходе преподавания многие заметили, что современную историю преподавать труднее. Это связано, прежде всего с тем, что история современности, или история 20-го века, в сущности не написана еще. До сих пор существуют огромные комплексы архивных документов, которые недоступны историкам. Это документы по целому ряду значимых сюжетов. Поэтому ее преподавать очень сложно.

Современная история Казахстана изучает события, следствия которых ощущаются до сих пор. Современность не изолирована от прошлого, прошлое присутствует в настоящем. Еще живы участники многих из этих событий или их дети. Великая Октябрьская революция,